

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 12 қазандағы N 1011 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 4 қыркүйек N 1085. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.04.17. N 289 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

"Қазақстан Республикасының мерзімді әскери қызметке шақырудан кейінге қалдырылатын әскерге шақыру жасындағы азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 12 қазандағы N 1011 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 41, 480-бап) бекітілген Қазақстан Республикасының мерзімді әскери қызметке шақырудан кейінге қалдырылатын әскерге шақыру жасындағы азаматтары санаттарының тізбесіне мынадай өзгертулер енгізілсін:

1-тармақта " Кәсіптік-техникалық училищелердің" деген сөздер " Кәсіптік-техникалық мектептердің және кәсіптік-техникалық лицейлердің" деген сөздермен, "училищелерді" деген сөз "оқу орындарын" деген сөздермен алмастырылсын;

2-тармақта "өзен училищелерінің, теңіз техникумының" деген сөздер "Өзен және теңіз флотының, азаматтық авиацияның жұмысшылары мен орта буын мамандарын даярлайтын кәсіптік-техникалық лицейлердің және колледждердің" деген сөздермен, "оқуын" деген сөз "осы оқу орындарын" деген сөздермен алмастырылсын;

3-тармақта "Темір жол училищесінің" деген сөздер "Кәсіптік-техникалық мектептері мен кәсіптік-техникалық лицейлерінің" деген сөздермен, "оқуын" деген сөз "осы оқу орындарын" деген сөздермен алмастырылсын;

4-тармақта "Олимпиада резерві училищелерінің" деген сөздер "Спорт колледждерінің" деген сөздермен алмастырылсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: "Толық орта білімі бар, 17 жасқа дейін жоғары білім жүйесінде жұмыс істейтін және әскерлерде қызмет атқаратын мамандарды даярлайтын колледждерге қабылданған әскерге шақырушылар-оқуын бітіргенге дейін, бірақ жасы 20-дан аспауы керек".

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

